

«Келісілді»

Директордың ТІЖ

орынбасары Сарсенбаева А.Б

«08» 09 2025 ж.

«Бекітемін»

№115 орта мектеп директоры м.а

Б.З. Барменова

«15» 09 2025 ж.



“Ұшқыр ой аланы” жобасының аясында “Ақиқат” дебат клубының жұмыс жоспары

Жетекшісі: Кишибаева С.Б

Астана - 2025

Түсінік хат

Дебат ойындарында оқушылардың ой ұшқырлығы қарама-қарсы сұрақ сәтінде анық байқалады. Білімді, көп ізденетін оқушылардың өзіндік ой-өрісі ойын барысында көрінеді. Қыннан қылыш қылыш суырғандай сұрақтары қарсы топты ойландырып, өз кейстеріне күмән тудыратындай етулері керек. Сабақтарда пікірсайыс әдістемесін түрлендіре пайдалану оқушыларды ізденуге, сөйлеу дағдыларын жетілдіруге көмектеседі.- өзіндік ой-пікірін жүйелі, дәйекті айта білуге, мәдениетті сөйлеуге баулиды;- шығармашылық қабілеті шыңдалады, шұғыл шешім қабылдай білуге үйренеді, кітапханамен байланысы нығаяды; - оқушылар сөйлеу мәдениетіне қойылатын талаптарға мән бере отырып, шешен сөйлеуге, шешендік өнерді үйренуге машықтанады.Жалпы, оқушылардың бойына ұлттық үрдісті сіңдіруде, баланы озық қоғамға сай етіп тәрбиелеуде дебат технологиясының берер пайдасы мол. Оқушыларға сапалы білім мен саналы білім беру – бүгінгі күннің басты өлшемі. Өз позициясын жақтап шығуға тырысқан оқушылар бос уақытта сенделмей, кітапханаға барып түрлі материалдар іздестіреді. Қазіргі таңда ғаламтордың шеңберінен шырматылып шыға алмай қалған балалардың көркем әдебиет оқуға құлшынысы арта түседі. Ойын барысында өз ойларын келелі сөз, шынайы шеберлікпен, шешен тілмен жеткізуге тырысады. Кез келген тыңдаушыға жүйелі сөз әсер етері хақ. Шешендік салтанат құрған жерде оқушылар ұлттық-рухани құндылықтарды бойына сіңіріп, алдағы күнде ел жүгін мойнымен арқалауға дайын тұрады. Жаһандану заманында білім берудің озық үлгілерін пайдалана отыра нақты нәтижелерге қол жеткізу – бүгінгі заманның басты талабы.

"Ақиқат" дебат үйірмесінің негізгі мақсат міндеттері:

Клубтың жалпы мақсаты:

Оқушылардың сыни ойлау, логикалық талдау, шешендік өнер, дәлелді пікір айту дағдыларын қалыптастыру, қоғамдық мәселелерді талдай алатын, белсенді азаматтық позициясы бар тұлға тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Оқушыларға парламенттік, линкольн-дуглас, БПФ сияқты түрлі дебат форматтарын үйрету.
2. Дәлел жинау, аргумент құрастыру, қарсы уәж айту, фактчекинг дағдыларын қалыптастыру.
3. Қоғамдық, әлеуметтік, тарихи, экологиялық мәселелерді талдауға үйрету.
4. Топпен жұмыс, көшбасшылық және коммуникация дағдыларын дамыту.
5. Пікірталас мәдениетін, толеранттылықты, этикалық нормаларды қалыптастыру.
6. Мектепшілік және қалалық дебат турнирлеріне дайындық жүргізу.

Дебат технологиясы оқушы бойына мынандай қасиеттерді қалыптастырады:

- жан-жақты білім;
- тапқырлық;
- шешендік;
- зеректік;
- аңғарымпаздық;
- сын тұрғыдан ойлауды;
- өз ойын ашық айтуға
- адамдармен дұрыс сөйлесе білуге;
- көпшілік алдында сөйлеп үйренуге;
- адамдармен мәдениетті қарым-қатынас.

Күтілетін нәтиже:

- Оқушылар түрлі дебат форматтары бойынша еркін сөйлей алады;
- Дәлелдеу, аргумент құру, спикерлік дағдылары қалыптасады;
- Өз көзқарасын нақты, жүйелі, мәдениетті түрде қорғай алады;
- Жеке және топтық зерттеу, ақпарат талдау дағдылары дамиды;

- Турнирлерге қатыса алатын дайын спикерлер қалыптасады;
- Коммуникативтік, көшбасшылық қабілеттері шыңдалады.

Болжам:

Жыл соңында дебат клубы мүшелерінің 70–80%-ы мектепішілік пікірсайыс турнирлерінде жоғары нәтиже көрсетеді. Оқушылардың қоғамдық мәселелерді талдау қабілеті артып, білім сапасына оң әсер етеді. Дебат арқылы тілдік және аналитикалық құзыреттіліктері жақсарады, болашақ мамандық таңдауда сенімділігі артады.

"Ақиқат" дебат үйірмесінің күнтізбелік – тақырыптық жоспар
(аптасына 1 сағат, барлығы 34 сағат)

1-тоқсан (8 сағат)

№	Тақырыбы	Сағат	Мазмұны
1	Клубпен танысу, мақсат-міндеттер	1	Дебаттың мәні, ережелері, клуб жұмысы.
2	Дебаттың шығу тарихы	1	Әлемдік және қазақстандық дебат қозғалысы.
3	Дебат формалары	1	БПФ, АРФ, ЛД.
4	Аргументация негіздері	1	Дәлел, уәж, қорытынды. «Пікір ағашы».
5	Топтық жұмыс дағдылары	1	Командалық рөлдер, спикерлік міндет.
6	Кейсті дұрыс құру	1	Кіріспе, аргумент құрылымы, логикалық байланыс.
7	Қарсы уәж айту техникасы	1	Рефутация, ребатал, фактчекинг.
8	Мини-дебат (жаттықтыру)	1	Практика: қысқа раунд.

2-тоқсан (9 сағат)

№	Тақырыбы	Сағат	Мазмұны
1	Қоғамдық мәселелерді талдау	1	Дебаттың мәні, ережелері, клуб жұмысы.
2	Дәлел жинау әдістер	1	Дереккөздер, зерттеу, анализ
3	Спикерлік шеберлік	1	Сөйлеу техникасы, интонация.
4	Қарсы топты тыңдау мәдениеті	1	Этикет, өзара құрмет.
5	Механизм құру	1	Үкімет ұсынатын нақты шешім моделін әзірлеу
6	Стратегия және тактика	1	Спикерлердің рөлі, уақытты бөлу.
7	Мектепішілік турнирге дайындық	1	Қайталау, жаттығу.
8	Ішкі турнир (1 айналым)	1	Ішкі турнир (1 айналым)
9	Ішкі турнир (2 айналым)		Қорытынды.

3-тоқсан (9 сағат)

№	Тақырыбы	Сағат	Мазмұны
1	Қазіргі әлем мәселелері	1	Экономика, саясат, мәдениет.
2	Күрделі кейстерді талдау	1	Моральдық дилеммалар
3	Кросс-экзамен техникасы	1	Сұрақ-жауап.
4	Логикалық қателер	1	стереотип, жалған дилемма.
5	Үкімет vs Оппозиция стратегиялары	1	Күшті кейс құру
6	Жедел шешім қабылдау	1	Impromptu debate.
7	Практикалық жаттығу	1	Қысқа раунд
8	Ішкі турнир (1 айналым)	1	Тақырып бойынша раунд.
9	Ішкі турнир (2 айналым)		Қорытынды.

4-тоқсан (8 сағат)

№	Тақырыбы	Сағат	Мазмұны
1	Жылдық қорытынды талдау	1	Спикердің даму картасы.
2	Турнирге дайындық (жоғары деңгей)	1	Командалық стратегия
3	Үлкен финалға дайындық	1	Спикерлік жаттығулар
4	Финалдық турнир (1 айналым)	1	Тур форматы.
5	Финалдық турнир (2 айналым)	1	Екі топтың бәсекесі.
6	Қорытынды шеберлік сабағы	1	Аналитика, қателерді түзету
7	Рефлексия, портфолио қорғау	1	Жеке жетістіктер.
8	Сертификат және марапаттау	1	Қорытынды.